

Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

БЕКІТЕМІН:



Мектеп директоры

Г. Анаева

КЕЛІСЕМІН:

Оқу ісінің орынбасары

К.Ш.Татиева 
(қолы)
«28» тамыз 2025 жс

КЕЛІСЕМІН:

Ғылыми-әдістемелік

ісі орынбасары
Г.К.Кабденова 
(қолы)
«28» тамыз 2025 жс

ӘБ ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ:

Хаттама № 1

ӘБ жетекшісі
А.И.Омарбекова 
(қолы)
«27» тамыз 2025 жс

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Пәні: факультатив, химия

Мұғалім: Анаева Гулжан Намазбаевна

Сыныбы: 11 «Ә»

2025-2026 оқу жылы



**«Алғашқы химиялық ұғымдар»
тақырыбындағы факультативтік курс**

Түсінік хат

Көптілділік – полимәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі таңда білім беру саласында мектептерде функционалды-сауатты, патриотты, жауапты, көптілді меңгерген, креативті және сыни ойлай алатын оқушыларды қалыптастыратын оқу ортасын құру басты мақсатымыздың бірі.

Қазақстанның әлемнің білім кеңістігіне толығымен кірігуін халықаралық деңгейге көтеруді талап еткендіктен ағылшын тілі мәселесі елімізде негізгі арқауы болып отыр. Ғылымдағы өзгерістер бүгінгі күні жас ұрпаққа іргелі білім мен сапалы тәрбие берудің жаңаша талабын қоюда. Осы орайда 11 сыныпта химия пәнінен негізгі ұғымдарды ағылшын тілінде меңгеру бағытында қосымша факультативтік курстар енгізілуде.

Пәнаралық байланысты кеңейтіп, химия пәнін екі тілде үйрену бағытында алынған «Алғашқы химиялық ұғымдар» курс бағдарламасын құруда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде №8424 тіркелген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізге алынды.

Бұл бағдарлама 11 сынып бойынша берілген негізгі тақырыптардағы алғашқы химиялық ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде үйрену мен сандық есептерді шығарудың алгоритмін тереңірек меңгерту бағытында алынған курс болып табылады. Тек ағылшын тілінде терминологияны меңгеріп қана қоймай, бейорганикалық химияның теориялық тақырыптарын терең меңгеруде, оқушылардың әртүрлі тәсілдермен сандық есептер шығару дағдыларын жетілдіріп, дамытуда маңызды рөл атқарады. Бағдарлама мазмұнын құруда оқушылардың 11 сыныпта химия пәні мен ағылшын тілі пәні бойынша алған негізгі тірек білімдері ескеріліп, сол алған білімдерін 8 сыныпта берілетін түрлі тақырыптар бойынша тереңдетіп, кеңейту бағытында алынды.

Ең алдымен, байқағанымыздай, жаратылыстану пәндерінің циклінен бастаған орынды, өйткені оларда таңбалық белгілер жүйесі қолданылады және латын тілінен арнайы аударуды қажет етпейтін терминдердің саны өте көп.

Химия элементтерді, жай және күрделі заттарды, олардың құрамын, құрылысын, қасиеттерін, химиялық өзгерістер мен оған әсер ететін жағдайлар мен өзгерістер кезінде байқалатын құбылыстарды зерттейді. Химиялық жеке заттар бір-бірінен химиялық құрамы мен қасиеттері бойынша ажыратылады. Әр зат белгілі жағдайдағы физикалық қасиеттері (түсі, тығыздығы, балқу, қайнау температуралары, жылу мен электр өткізгіштігі, тағы басқа) және химиялық қасиеттері (басқа заттармен әрекеттесу, белгілі бір өнімге айналу қабілеті) жағынан ерекшеленеді. Сондықтан ол заманауи жаратылыстану ғылымдарының арасында жетекші роль атқарады. Сонымен қатар, пәннің пәнаралық ролінің үлкен маңызы бар, әсіресе соңғы онжылдықта байқалған гуманитарлық және жаратылыстану-математика ғылымдарының симбиоздық әсерін назарға алатын болсақ.

Аталып отырған курс жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған. Ұсынылып отырған бағдарлама орта (толық) жалпы білім мазмұнының міндетті минимумына сәйкес құрылған, түлектер дайындығының деңгейіне қойылатын талаптарға сай. Курс 34 сағатқа арналған.



**«Алғашқы химиялық ұғымдар»
тақырыбындағы факультативтік курс бағдарламасы**

Курстың мақсаты: оқушылардың химия пәнінен алған білімдерін «химияның негізгі ұғымдары мен терминдерін, түсініктерін» ағылшын тілінде меңгерту үшін сөздік қорларын молайтып, тілдік орта қалыптастыру. Химиялық тұрғыда ойлай алатын, функционалды сауатты және көптілді, кретивті, шығармашыл оқушы тұлғасын дамыту болып табылады.

Курстың міндеттері:

- 1) атомның құрылысымен танысу және заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері мен қолдану арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау;
- 2) химиялық терминологияны, химиялық заттардың формулаларын сауатты түрде пайдалану;
- 4) заттарды танудың химиялық әдістерін меңгеру;
- 5) алған химиялық теориялық білімдердің жиынтығын есептер шығару кезінде пайдалана білу дағдысын дамыту;
- 6) химиялық сипаттағы негізгі ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде үйрену;
- 7) көпұлтты қоғамға сай кіріктірілген білім, құндылық пен қарым-қатынас жүйесін дамыту;
- 8) өмірлік және экологиялық мәселелерді шешуде алған білімді пайдаланудың функционалдық қабілеттіліктерін арттыру;
- 9 негізгі мектепті бітірушінің ары қарай оқу бағытын таңдау дайындығы мен өз білімін жетілдіруге деген құлшынысын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылардың химиялық заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері жайында теориялық білімді игеріп, өмірлік мәселелерді шешуде сауатты қолданады;
 - заттардың химиялық формулалары және реакция теңдеулері негізінде сандық және сапалық есептер шығарады;
- бейорганикалық химиядан негізгі ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде біледі;
- ағылшын-қазақ тіліндегі мәтіндермен, сөздіктермен дербес жұмыс жасай алады;
 - оқушы бойында танымдық қызығушылығы мен интеллектуалдық қабілеттіліктері дамиды;

Сабақ материалын таңдау критерийлері.

- Кішігірім модальдық және материалдың сан түрлілігі (шынайы заттар, сызбалар мен модельдер, мұғалімнің ауызша түсіндіруі және т.с.с.);
- Материал көлемі;
- Көрнекі құралдар;
- Оқушылардың пәндік лексика мен терминдерді меңгеруі;
- Материалдың қабылдау үшін түсінікті болуы.

Оқу – сөйлеу құралының негізгі түрі, оқуға арналған материалдың мағынасы болуы шарт.

- Айту – мазмұндаудың анық, қарапайым және шапшаң болуына көңіл аударуды қажет ететін құралдың бір түрі, бұл жағдайда грамматикаға баса назар аударылмайды.
- Жазу – оқушылардың лексикалық және грамматикалық дағдыларын дамытатын құрал.
- Сабақ мәтіндерге негізделуі қажет (баспа немесе аудио жазба).
- Сабақтың тілдік компоненттері оқу пәніне байланысты болады.



- Лексикалық материал грамматикалық материалға қарағанда маңыздырақ болады.
- Сабақтың алға қойған міндеттері оқушының дайындық деңгейіне байланысты болады.

Сабақ құрылымы.

Сабақ төрт сатылы сызба бойынша ұйымдастырылады:

1. Мәтінді өңдеу.
2. Алған білімдерін сезіне білу және ұйымдастыру.
3. Мәтіннің тілін түсіну.
4. Оқушыларға тапсырма беру.

Оқушыларға арналған тапсырмалар олардың дайындық деңгейіне, оқыту міндеттеріне байланысты болады.

Тапсырмалар жобасының тізімі:

1. Кестені толтыр
2. Химиялық терминдер мен ұғымдарды жатта
3. Химиялық реакцияларды теңестір
4. Сәйкестігін тап
5. Мәтіндегі бос орындарды толтыр
6. Мәселе қою: сұрақ - жауап, термин - анықтама
7. Тиісті сөзді табуға арналған ойындар
8. Мәтін бойынша сұрақ құрындар
9. Жұмысты ауызша таныстыру

Пәнді меңгеру деңгейін анықтау

Оқушылар білуі тиіс:

- ғылыми білім категорияларын (құбылыстар мен фактілер, ұғымдар, заңдар, теориялық қорытындылар);
- ғылыми тану әдістері (бақылау, эксперимент, жүргізілген зерттеудің қорытындысы және оны тексеру);
- бағдарламалық материалмен қарастырылған ағылшын тіліндегі ұғымдар, шамалар, заңдар;
- оқыған лексикалық бірліктердің негізгі шамалары;
- жәй және күрделі сөйлемдер құрылымының ерекшеліктері;



«Алғашқы химиялық ұғымдар» тақырыбындағы факультативтік курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспар 11-сынып жылына 34 с, аптасына 1 с.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
			11Ә
1	Кіріспе . Қауіпсіздік ережелері	1	08.09.25
2	Электролиттер мен бейэлектролиттер	1	15.09
3	Периодтық заң және жүйе	1	22.09
4	Химиялық байланыс түрлері	1	29.09
5	Қышқылдардың, сілтілердің , тұздардың диссоц	1	06.10.25
6	Тұздар гидролизі	1	13.10.
7	қайталау тест	1	20.10
8	Металдардың жалпы сипаттамасы	1	03.11.25
9	Галогендер	1	10.11
10	Азоттың периодтық жүйедегі орны	1	17.11
11	Аммиак, қасиеттері, алынуы мен қолдануы	1	24.11
12	Адам ағзасының химиялық құрамы	1	01.12.25
13	Макро, микроэлементтер	1	08.12.
14	есептер шығару	1	15.12
15	Бакылау тест	1	22.12
16	Органикалық заттардың ерекшеліктері	1	12.01.26
17	Органикалық қосылыстардың жіктелуі	1	16.01
18	Органикалық қосылыстардың гомологтық қатары	1	26.01.
19	Органикалық заттардың номенлатурасы	1	02.02.26
20	Органикалық заттардың изомериясы	1	09.02
21	Қаныққан көмірсутектер Алкандар	1	16.02
22	Алкендер	1	23.02
23	Алкиндер	1	02.03.26
24	Тест	1	16.03
25	Ароматты көмірсутектер\Бензол	2	30.03
26	Химиялық есептер	1	06.04.26
27	Көмірсутекті отындар	1	13.04
28	Мұнай	1	20.04
29	Спирттер	1	27.04
30	Талдау және кателермен жұмыс	2	04.05
31	ҰБТ тест сұрақтарымен жұмыс	1	18.05
32	Қорытынды тест	1	25.05

